



«Ақбөбек» оңалту орталығы»

«Реабилитационный центр «Ақбөбек»

Қазақстан, Ақтөбе қаласы,  
Ватутин көшесі, 1 «В»  
Тел.: 50-29-21, 50-58-36  
Тел./факс: 50-00-59  
E-mail: akbobek@bk.ru  
E-mail: akbobekais@mail.ru

Казахстан, город Актобе  
ул. Ватутина, 1 «В»  
Тел.: 50-29-21, 50-58-36  
Тел./факс: 50-00-59  
E-mail: akbobek@bk.ru  
E-mail: akbobekais@mail.ru

АО «Банк ЦентрКредит»  
p/c KZ 42856000000044924 (KZT)  
РНН 061800066809  
БИК KСJBKZKX  
БИН 961140002010

Шығ. № 164 « 29 » 09 2015 ж

Исх. № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ г

ҚР Білім және ғылым министрлігінің  
«Республикалық қосымша білім беру оқу-  
әдістемелік орталығы» Республикалық  
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының  
директоры Р.П.Шерге

### Құрметті Раиса Петровна!

«Ақбөбек» газеті – Ақтөбе облысында балаларға арналған басылым ретінде жарық көріп келе жатқанына 2 жылдай уақыт болды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көретін газеттің барлық 16 беті де түрлі-түсті, бояуы қанық, әрі тартымды. Оның ішіндегі шығармалар да балалар үшін қызықты, мағыналы да мәнді болуы тұрақты қадағаланып отырады. Әр баланың тәрбиесіне жақсы әсер қалдырып, бала мен ата-анаға да ой саларлықтай дүниелердің жарық көруін үнемі назарда ұстаймыз.

Газет бетінде қаламыздағы мектеп оқушыларының алып жатқан білімі, тәрбиесі, жеткен жетістіктері жиі жарық көріп тұрады. Үздіктер мен таланттыларды өзгелерге үлгі етеміз. Бұл мемлекетіміздің де басты саясаты екені белгілі. Біздің басты мақсатымыз - балалардың таным-түсінігінің тереңдеп, ертенгі ел болашағы ойлайтын, елі, жері үшін қызмет қылатын азамат болып өсуіне газет арқылы өз ықпалымызды тигізу.

Газет оқырмандары арасында «Ақбөбек» шығармашылық байқауын тұрақты өткізуді қолға алдық. Байқауға 5 жастан 18 жасқа дейінгі балалар қатыса алады. Ондағы мақсат балалардың өнерге деген ұмтылысын қолдау, оларға қамқорлық таныту.

Осы уақытқа дейін облыстық деңгейде жарық көріп келген газетіміз енді республикалық мәртебе алып, таралым аймағы да кеңейіп отыр. Енді біздің «Ақбөбек» газетімізді еліміздің түкпір-түкпіріндегі балалар алып оқи алады. Қазірдің өзінде олар біздің жыл сайын ұйымдастыратын өнер фестиваліне қатысуға ұсыныс жасауда.

Сізден еліміздің әр аймағындағы өнерлі балаларды қолдау мақсатында 2016 жылға жоспарланған «Ақбөбек» газеті оқырмандары арасында өтетін дәстүрлі өнер фестивалін республикалық деңгейде өткізуге көмектесуіңізді сұраймын. Бұл бір жағынан өнерлі, білімді балалардың шығармашылығына қолдау болса, екінші жағынан еліміздегі санаулы балалар басылымының бірі «Ақбөбек» газетіне де көрсетілген зор көмек болар еді.

«Ақбөбек» білім беру  
орталығының директоры

Е.Отжағарова